

5. Нурахметова Г.Г. Правовое регулирование сделок в сфере земельных отношений. - Алматы: Қазақ университеті. 2004 жыл 232б.
6. Айғаринова Г.Т. ҚР-ның тұрақты даму жағдайында жер нарығын құқықтық реттеудің теориялық мәселелері. Әлфараби Қазақ Университеті, 2013 – жыл 312б.
7. Кондрашова А.Н. Рынок аренды нежилых помещений // Аренда. - М., 2002. - С. 59-72.
8. Еркінбаева Л.Қ., Айғаринова Г.Т. Қазақстан Республикасының жер құқығы. Жалпы және ерекше бөлімдер, Алматы «Жеті жарғы» 2010 жыл 311б.

Тоқатов Р.А.

*Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ Заң факультеті
Азаматтық және еңбек құқығы кафедрасы аға оқытушысы*

Оспанова М.Н.

*академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік
университеті, заң факультеті, Ю-40 тобы, студенті*

«Байқоңыр» кешенінің қазіргі құқықтық жағдайы

«Байқоңыр» ғарыш айлағының қызметі Қазақстан Республикасының шекарасына, нақтылай келе зымыран тасығыштардың сынықтары мен бөлшектері құлаған аймақтарына, сол аймақтардың тұрғындарына ұзақ уақыт бойы қарқынды кері әсерін тигізді. Сонымен қатар бұл тұрғындардың «қолайлы қоршаған ортаға деген құқықтарына», яғни әрбір адамның таза қоршаған ортада өмір сүру, экологиялық таза су, тағамға деген құқықтарына нұқсан келтіріп отыр.[1]

Кейбір ресейлік ғалымдардың айтуы бойынша зымырандардың құлауы мен гептилдің төгілуі «көршілес мемлекетке химиялық шабуыл жасағанмен тең».

«Байқоңыр» ғарыш айлағының қызметі қоршаған ортаға мынадай зиянын тигізеді:

- зымырандарды ұшырғаннан кейін, атмосфера қабатының табиғи режимінің бұзылуы;
- жер беті және атмосфера қабаттарының улы зымырандардың жанармай қалдықтарымен ластануы;
- озон қабатына кері әсері;
- шекараны зымыран және басқа да ұшу аппараттары қалдықтарымен, бөлшектері және сынықтарымен зақымдауы;

- қышқылды жаңбырдың жаууына әсерін тигізуі;
- ауа райының күрт өзгеріп, температураның жоғарылауына себепші болуы [2].

Жоғарыда келтірілген тізімнің ішіндегі ең қауіптісі гептил мәселесі бүкіл Қазақстандықтарға үрей туғызып отыр. Гептил - зымырандық техникада кеңінен қолданылатын жоғарықайнағыш зымырандық жанармай компоненті болып табылады. Оның адамның денсаулығына, қоршаған ортаға аса зиянды екені мәлім. Гептидің зияндық қуаты химиялық қарудікінен кем емес екенін ресей ғалымдарының өздері де жоққа шығармайды. Ол суға, ауаға, топыраққа, тіпті металл бетіне сіңіп, жел жақтан таралған кезде өте қауіпті болып, көп аумақтың ауасына залал тигізуі мүмкін. Адам ағзасына болмашы аз мөлшерінің өзі су, ауа және топырақ арқылы аса қауіпті әсерін тигізеді. Оның ағзаны уландыру процесі байқалмай, ұзақ жылдарға созылады. Гептилмен уланған адам ағзасы бірнеше жылдар өткеннен кейін де ауруға шалдығуы мүмкін. Ғылыми зерттеп тексеру мәліметтері бойынша аудан тұрғындарының орташа өмір сүру ұзақтығы бар болғаны 55 жасты ғана құрап отыр. Егер республика бойынша жаңа туған сәбилердің өлімі 1000 балаға шаққанда 18 баланы құраса, онда Ұлытау ауданының өзінде жаңа туған сәбилердің өлімі 1000 балаға шаққанда 40 баланы құрап отыр. Сондықтан да, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы оны аса қауіпті химиялық қосылысқа жатқызады.

Зымырандардан түскен қалдықтар Павлодар, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарына зиян келтірген болатын. «Протон» зымыран тасығышының алты бакты блогының алғашқысы жұмысын аяқтап, жерге құлағанда 1,5 тоннадан – 3,5 тоннаға дейін гептил қалдықтары жерге төгіледі. Бір рет ұшырылғанның өзінде орташа есеппен 2 тоннадай гептил жерге төгіліп, 44 жылда 520000 тонна гептил төгіледі екен [3].

Бүгінде Ұлытау ауданы жерінің 74 %-ы, Шет ауданы жерінің 39%-ы, Жаңаарқа ауданы жерінің 37 %-ы, Ақтоғай ауданы жерінің 37 %-ы «Протон» зымыран жеткізгішінің отыны – гептилмен ластанған болып отыр. Еліміздің шекарасындағы 47 аймаққа зымыран қалдықтары түсетін болса, соның 39-ы біздің облыстың үстінде.

«Протон-М» зымыран апатының салдары Қызылорда облысының тұрғындарын ғана емес, бүкіл Қазақстандықтарға үрей туғызып отыр. Байқоңыр ғарыш айлағындағы зымыран тасығыштардың апатты жағдайына байланысты тұрғындардың сотқа шағымданулары тиіс.

Сонымен қатар 2000 жылы 23 қазанда Қазақстан Республикасы Ақпаратқа кіру, шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу туралы конвенцияны (бұдан әрі - Орхус конвенциясы) ратификациялады. Аталған Орхус конвенциясы 1998 жылы 25 маусымда Данияның Орхус қаласында қабылданған. Жұртшылықтың қоршаған орта мәселелері бойынша сот әділдігіне қол жеткізу мәселесі - конвенцияның негізгі үш элементінің бірі, яғни Орхус конвенциясы мен ұлттық экологиялық заңнама ережелерін бұзу орын алғанда жеке тұлғалардың, қоғамдық және өзге де мемлекеттік органдардың сот тәртібі мен басқа да жолмен шағымдану мүмкіндігіне қол жеткізу. Аталған элемент азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің экологиялық құқықтарын қорғауды қамтамасыз етумен қатар, қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық құқық пен ұлттық заңнаманың сақталуына бақылау жасаудың қазіргі жүйесін дамытуға негіз болады. Мұны жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік органдармен қатар, жұртшылық та белсенді түрде қатысады. Орхус конвенциясы жұртшылықтың экологиялық құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік органдардың қызметтерін ұйымдастыруға қатысты халықаралық құқықтық негіздерді белгілейді. Ол конвенцияның негізгі үш элементтеріне қатысты:

1. жұртшылықтың экологиялық ақпаратқа қол жеткізуі;
2. көзделетін шаруашылық қызметпен байланысты экологиялық маңызды шешімдерді қабылдауға қатысуы, мемлекеттік органдардың қоршаған ортаға байланысты стратегиялардың, бағдарламалардың, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуі;
3. жұртшылықтың қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізуі жөніндегі олардың міндеттері мен міндеттемелерін айқындайды.

Жоғарыда аталған залалдардың орнын толтыру мәселесіне келгенде, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін жалға беру Шартының 8 - бабы 8.4 тармағының г) тармақшасына зер салсақ, ресейлік ғарыштық бағдарламаларды орындау жолында "Байқоңыр" ғарыш айлағының қызметіне байланысты зиян келтірілген жағдайда, Ресей 1972 жылғы 29 наурыздағы ғарыштық объектілермен келтірген зиян үшін халықаралық жауапкершілік туралы Конвенцияға сәйкес ұшырушы мемлекет ретінде жауапты болады. Сонымен Қазақстан Республикасы бірлесіп ұшыру мүшесі немесе ұшырушы мемлекет ретінде есептелінбейді. Ресей Қазақстан Республикасымен бірлесіп ғарыш объектісін ұшыруды жүзеге асырған жағдайда, зиян үшін жауапкершілік көрсетілген Конвенцияның V бабымен айқындалады. Ресей басқа елдермен бірлесіп ғарыш объектісін ұшыруды жүзеге асырған жағдайда, бұл елдер қалай да келтірілген зиян үшін аталған Конвенцияға сәйкес ортақ жауапкершілікте болады. Сонымен Қазақстан Республикасы бірлесіп ұшыру мүшесі немесе ұшырушы мемлекет ретінде есептелінбейді. Жалға беру Шартының осы бабының күшіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағынан зымырандарды жіберу кезінде авариялар болған жағдайдағы өзара іс-қимыл тәртібі туралы келісімнің 3 бабында бекітілген шаралардың барлығы Ресей тарапымен қаржыланып, қамтамасыз етілуі тиіс. Себебі 1972 жылғы 29 наурызда бекітілген ғарыш объектілері келтірген зиян үшін халықаралық жауапкершілік туралы конвенцияға сай, зиян орнын толтыру мен аварияның салдарын жою бойынша барлық шараларды ұшырушы мемлекет қамтамасыз етеді. Сондықтан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағынан зымырандарды жіберу кезінде авариялар болған жағдайдағы өзара іс-қимыл тәртібі туралы келісімнің 2 бабына Байқоңыр ғарыш айлағынан зымырандарды ұшыру салдарынан болған авариялардың залалдарының орнын толтыру бойынша барлық қаржыландыру және ұйымдастырушылық шараларды Ресей тарапы жүргізу қажет деп толықтыру қажет. Сонымен қатар ғарыш объектілері

келтірген зиян үшін халықаралық жауапкершілік туралы конвенцияның 1 - бабы а) тармақшасына сай, "залал" аталымы - мерт болу, дене жарақаты немесе денсаулықтың өзгедей бүлінуін; мемлекеттердің немесе жеке немесе заңды тұлғалардың мүлкінің немесе халықаралық үкіметаралық ұйымдардың мүлкінің құруын немесе бүлінуін білдіреді [4].

Байқоңыр ғарыш айлағында болған апаттың салдары анықталмай, басқа зымырандарды ұшыруға жол беру азаматтардың құқықтық мәдениеті мен қатар саяси белсенділігінің де төменділігінің айғағы. Алайда бұған мемлекеттің де жауаптылығы жайлы ұмытуға болмайды. Бұл жерде біріншіден өз азаматтарының өмірі мен денсаулығын мемлекеттің қаражат үшін саудаға салып отырғаны белгілі. Өйткені Ата заңымызда «мемлекеттің басты құндылығы - адамның өмірі және денсаулығы» - деп көзделген. Сондықтан 1972 жылғы 29 наурыздағы ғарыштық объектілермен келтірген зиян үшін халықаралық жауапкершілік туралы Конвенцияның VIII тарауына зер салсақ, өзіне келтірген немесе өзінің жеке немесе заңды тұлғаларына залал келтірілген мемлекет ұшырушы мемлекетке осындай залал үшін өтем туралы талап қоя алады.

«Байқоңыр» ғарыш айлағындағы болған апаттар салдарынан келтірілген залалдардың орнын толтыру мәселесін шешудің бір жолы ретінде ғарыштық сақтандыру қызметі болып табылады. Сақтандырушылармен өтелетін нақты залал түрлерінің тізімі әрбір полисте көрсетіледі. Полиске соғыс, жобалаушылардың қателігі нәтижесіндегі залалдың орны өтелмейтіні туралы ескертпелер де жазылады. Мүлікті сақтандырудан басқа, ғарыш объектісінің әуе кемесімен, басқа спутникпен соқтығысуы немесе Жерге құлауы және т.б. әсерінен мүлікке немесе үшінші тұлғалардың денсаулығына (яғни бұл ғарыштық операцияларға қатыспаған тұлғалар) келтірілген залал үшін жауапкершілікті сақтандыру түрі бар. Алайда, 1967 жылғы 27 қаңтарда «Мемлекеттердің Айды және басқа да аспан денелерін қоса ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану жөніндегі қызметінің принциптері туралы» шарты және 1972 жылғы 29 наурызда бекітілген «Ғарыш объектілері келтірген зиян үшін халықаралық жауапкершілік туралы» конвенция жауапкершілікті міндетті сақтандыруды талап етпейді. Бірақ Ұлттық ғарыш құқығы

міндетті сақтандыруды көздеуі мүмкін. Осылайша, АҚШ - ның 1958 жылғы «Аэроавтика және ғарыш кеңістігін зерттеу туралы» Ұлттық қаңнамасына сәйкес, НАСА ғарыш объектілерін ұшыруды жүзеге асыратын компаниялардан үшінші тұлғалар алдында жауапкершілікті сақтандыру шартын бекітуді талап етеді. Қоршаған ортаның және халықтың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігі үшін осы тәжірибені біздің елімізге ұсынамыз [5].

Келесі мәселе Байқоңыр аймағын экологиялық апатты аймақтар қатарына қосар болса мемлекет тұрғындарға тиісті медициналық, әлеуметтік жәрдемақылар мен өтемақылар көрсетуге міндетті болар еді. Тұрғындардың құқықтық мәдениеті Байқоңырдың экологиялық апатты аймағы ретінде танылуына әсерін тигізеді. Жоғарғы сот тәжірибеде белгілі бір санаттардағы істер саны артып кеткен болса, ол істер бойынша нормативтік қаулы шығарады. Мысалы, жер учаскелері бойынша істер көбейіп кетсе, сот осы жер дауларын шешу тәртібі жайлы қаулы қабылдайды. Экологиялық даулар бойынша да осындай тәртіпті еңгізу керек. Мұндай ретте Байқоңыр өңірін экологиялық апатты аймағы ретінде қосуға мүмкіндік арта түсер еді [4].

Жалпы қорытындылай келе, Байқоңыр ғарыш айлағының экологиялық жағдайы қазіргі кезде өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Бұл мәселені шешудің жолдары ретінде гептил жанармаймен ұшырылатын зымыран тасығыштарды ұшыруды тоқтату керек. Себебі гептил қауіптілігі жағынан бірінші классқа жататын химиялық токсинді қосылыс – оның адам өліміне алып келетін мөлшері 1л суға 1 микрограмм. Басқаша айтқанда гептил көгерткіш қышқылға қарағанда 6 мәрте утты болып табылады. Ресей мемлекетінен басқа мемлекеттердің ешқайсысының гептильді зымыран отыны ретінде қолданбауының бір себебі осы. Келесі мәселе Байқоңыр ғарыш айлағынан ұшырылған зымырандардың салдарынан орын алған зиян орнын толтыру үшін Қазақстан Республикасында ғарыштық сақтандыру жүйесін еңгізу қажет. Осы күнге дейін уытты гептил мәселесі шешімін таппай отыр. Сондықтан Қызылорда және Қарағанды қалаларында осындай төтенше оқиғалардың салдарын зерттеп тексеру бойынша мамандандырылған зертханалар ашу керек. Залалдың ауа мен жерге тез тарап кетуі себебінен гептильді

залалсыздандыру мәселесіне барынша көңіл бөлу керек. Апат орын алған соң бірден тиісті сынамалар алуға кірісу қажет. Өйткені комиссия құрылғанша, олардың жұмыс бағыттарын анықтап келіскенше көп уақыт шығындалады. Тағы бір айта кететін жайт егінді жинау және бау-бақшалардың гүлдеуі кезінде токсинді химиялық қосылыстарды бөлетін зымырандарды ұшырмау керек. Аймақтың суы, топырағы, өсімдіктеріне жан-жақты зерттеу жұмыстарын жүргізу қажет.

Адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін деректер мен жағдаяттарды жасыруға еліміздің Атазанымен тыйым салынған. Сондықтан осындай түрлі зымырандарды ұшыру алдында жергілікті тұрғындарға хабарландырулар айтып ескерту керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сагатов А. Право на благоприятную окружающую среду в контексте современной космической деятельности государств. – А.: Тураби, 2009. - №1. 55-58 б.
2. Бекішұлы Қ. Байқоңыр ғарыш айлағының қоршаған ортаға зияны. – Қ.: Орталық Қазақстан, 2013. – 26 желтоқсан №225-226. http://ortalyk-kaz.kz/publ/ehkologija/baj_o_vr_arysh_ajla_vny_orsha_an_orta_a_zijany/8-1-0-4681
3. Андрусова Т. Б., Л. Н. Сидорова. Проблемы правового статуса комплекса «Байконур». Актуальные проблемы авиации и космонавтики № 8 / том 2 / 2012 г. <http://cyberleninka.ru/article/n/problemy-pravovogo-statusa-kompleksa-baykonur>
4. Кабылбекова Г. Қ. Байқоңыр космодромы және оның қоршаған орта жағдайына әсер етуі. Экология және ұлт денсаулығы. Студенттік топтар кураторларына көмек ретінде. 7-жинақ / ҚР ҰҒА академигі А. М. Ғазалиевтың редакциясымен. – 3-ші басылым, өңдел. және толық. – Қарағанды: Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің баспасы, 2016. – 64 б.
5. Мамашұлы А. Байқоңыр маңы тұрғындарының құқықтық белсенділігі керек. http://www.azattyq.org/a/kazakhstan_ecology_in_baikonur/25095627.html